

**"Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Ережені бекіту туралы"  
Ұлан аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 181 шешімге өзгерістер  
енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы N 166 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 сәуірде N 3227 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 маусымдағы N 203 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ұлан аудандық мәслихатының 30.06.2014 N 203 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабының 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы № 1303 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 және "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою қағидаларын бекіту туралы" 2012 жылғы 26 маусымдағы № 856 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы» Қаулысының негізінде Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Ережені бекіту туралы» Ұлан аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 181 шешімге өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5-17-129 тіркелген, «Ұлан таңы» газетінің 2010 жылғы 04 маусымдағы № 35 санында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі және мөлшері туралы Ережесінде:

көрсетілген шешімнің және қосымшаның мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша «Ереже», «Ережесі», «Ережеде», «Ережесіне», «Ережесінде» деген сөздер тиісінше «Қағида», «Қағидасы», «Қағидада», «Қағидасына», «Қағидасында» деген сөздермен ауыстырылсын

2 – тармақтың 4) тармақшасы және 10 – тармақтың 9) тармақшасы алынып т а с т а л с ы н ;

3 - тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«3. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.»;

4 - тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«4. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.»;

10-тармақтың 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;».

2. 2014 жылғы 1 қаңтарынан бастап, осы шешімнің 1-тармағындағы қолданысқа енгізілетін үшінші, бесінші және жетінші азат жолдарын қоспағанда, шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Сулейменов*

*Аудандық мәслихатының хатшысы*

*Н. Сейсембина*